

1 2009  
18582к

Қайса<sup>р</sup>  
ЭЛІМ

2



# Қайса<sup>р</sup> Элім

СЕГІЗ ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

**2-том**

## Қоштаспаймыз, апа!

Әңгімелер, новеллалар, фельетондар



"Фолиант" баспасы  
Астана-2007

**ББК 84 Қаз 7-4**

**Ә 55**

- ӘЛІМ Қайсар**  
**Ә 55 Сегіз томдық шығармалар жинағы.** – Астана: Фолиант, 2007.  
**Т.2: Қоштаспаймыз, апа!: Әңгімелер, новеллалар, фельетондар.** – 348-бет.

**ISBN 9965-35-156-2**

Жазушы, журналист Қайсар Әлімнің бұл кітабына әр жылдары жазылған көркем және деректі шығармалары енгізілген. Бейнелеп айтканда, алты талғамнан тұратын: әңгімелер мен новеллалар, көсемсөздер мен фельетондар, рецензиялар мен каз-қалпында секілді жанрларға топтастырылған дүниелер оқырмандар талғамынан шығатынына сенім мол.

Кітап көпшілік оқырмандарға арналған.

**Ә 4702250201  
00(05)-07**

**ББК 84 Қаз 7-4**

**ISBN 9965-35-156-2 – (Т. 2)  
ISBN 9965-35-154-6**

**© Әлім Қайсар, 2007  
© “Фолиант” баспасы, 2007**

## **I БӨЛІМ**



**Әңгімелер**

*Асыл анам Бодай (Жезбілек)  
Қасымбекқызының өшпес  
рухына бағыштаймын.  
Автор*

## ҚАРА КЕМПІР

Баяу ашылған сыйырлаулық есік бұл жолы да ана көңілін демеп, көтерерлік титімдей жаналық үштығын анғартпаған еді. Сусын әкелгенabyсынының бірі екенін көргенде ана байғұс қадімгідей реніш білдірді:

— Тәйірі-ай, сен бе едін?

— Сүт кенжен, әне-міне, келіп қалар деп отырмыз. Хабар жібергелі не заман! Жол аяғы алыс дегендей, және мына күні түскірдін де райы жақсы емес. — Сырттан кірген abyсын қолындағы сусынды Қара кемпірдің басынан бір елі ажырамай, "не бол қаладымен" талай түндерді кірпік қағусыз өткеріп отырған сінілісіне ұсынып жатып, акырын ғана сыйырлады.

— Жарықтықтың ерні кезеріп жатыр ғой, шылап көрсөн қайтеді.

Бұл кезде Қара кемпір бір уыс болған денесін ышқыныспен ырқына көндіріп, қабырға жакка аунап түскен еді. Кәрі жүрек, бойынан әл-дәрмені тайған жүрек осы қимылдың өзіне ауырлад, онсыз да жан азабына қақталып жатқан тірі аруақтың демін тарылтып, есін тандырып жіберген еді. Көпке дейін көзін ашпай, қос өкпесі көріктей көтеріліп, басылып жатты.

Қос кемпір бір-біріне емеурін білдірді:

— Тыныс алсыншы бірауық.

— Кенжесін күтіп елеңдеп жатқан бейбакқа сенің кіріп келгенінде ауыр тиіп қалды ғой...

Қара кемпір өзіне-өзі келгендей жыбырлай бастады. Шүйкедей басын қымтай жапқан ақ жаулық астына жана әзірде кобыраңқырап кеткен самай шашын әлсіз, еті қашқан саусактарымен жинастырып, жасырып қойды. Шынтақтан бүгіліп, сәл-пәл кимыл емеурінің танытқан қос қолы пұттап

жүк көтергеннен бетер зырқырап талып кете барды. Қарашығы семіп, нұры тайған қос жанар бір мезет баяғы ілгіштігіне бағып, тәсекке сылқ түскен он қолдағы жарқ еткен алтын сақинаны шалып қалды. "Кара тентегім сыйлаған жүзік еді..." Қолын кайыра көтеріп, тояттап карағысы келіп кетті сақинаға. Бірак дәрменсіз еді. Күші ырыққа көнбекенмен, ойы айқын, киялы сол бұрынғыша самғағыш. Қеудені тырналап, ішкі сарайын колмен қомдап араластыған, сүйек-сүйегін сиркіратып отқа қактаған аса азапты қиналыстан бірауық сыйылғанда, ойна ерік беретін. Келе-келе бұл шіркіннің де аясы тарылып, демігетінді шығарған. Эріден, алыстан қауымдап тартуға қауқары жеттіей, әлсін-әл жаңылып, енді, міне, біргана бекетті бетке алған күйі бар. Сүт кенжесін, келе алмай жаткан сүт кенжесін зарыға ойлауға ғана ой қуаты жетіп жығылатындей. Әлі есінде еді-ау! "Апа, мынау келінің екеуіміздің алғашкы айлығымыздан сізге алған сыйлығымыз. Қане саусағынызды әкелші", деп сақинаны өзі салып берген. "Игілігінізге салыныз" деп келіні үлбіреген ерінмен әжімденген бетінен сүйіп алғанда, кәрі жүрек бір жасамады ма? Қолындағы, міне, сол сақина. Сақина орнықкан тұс тыз-тыз ете қалғандай. Баласы мен келіні "апа, біз келдік, тәуір боласын енді" деп дәл казір қолын қысып жаткандай, тәтті сезімге бәленіп жүре береді. Аса қатты жан күйзелісінен кейінгі бір сәттік жылы сезім кейуана бойын балбыратып, көз шырымын алғызыған еді.

— Тыншықты білем.

— Жатсын кішкене, манағы иненің демеуі шығар. Уh, кайтейін кайран, бауырым-ай! — деп какима жаулықты сары кемпір қуыршактай ғана дененің әр-жер бұл жерін қымтайды түсіп бәйек болып жатыр.

— Өзге балаларын бір тәбе, сүт кенжесін бір тәбе санап жатыр ғой абысын. Сапары кіріп келер ме еді, казір, — деп уақыт мужіген шүйкедей кемпір ұйып қалған аяғын созынқырап отырды. — Қатпарлы қабактың қалтарысынан шық жылтырағандай. Жүзі солынқы, ұрты суалып кеткен. — Абысын қызық адам еді ғой. Сауын фермасында бәлен жыл бел бүкпей бірге жүрдік емес пе? Бір қабак шытқаның көрдім бе? Сүт ашып кетеді деп, өгіз қамытын мойнымызға ілгізген де осы жарықтық еді.

Бригадирдің әбес қылышын бетіне баса-баса, сабасына түсіріп, көзімізді ашқан да осы абысын. Қайсы бірін айта берейін, өзінің шынышылдығымен, әділетті сүйетіндігімен, мейірім-ділігімен ел ішінде есімін былай қойғызып, Қара кемпір аталып кеткен абысынды осындаі күйге түседі деп, кім ойлаған?

Қара кемпір денесін әлсіз қозғап, басын тіктенкіреп өзді-еzi күбірлей бастаны:

— Сапаржан-ай! Бұл не қылғаның? Келінді, балаларды ала келмегенің не? Жоқ емес кой, бар ғой, шүкір! Жокқа жүйрік жете ме? Барын сүйе алмай қалай кетем? Сенің нашарлығың да, әйтпесе... Ренжіме, әкелші бетінді тағы да. О, не қылғаны, сүртіп гаста жасынды. Мен жасықтығынды көрмей өтейін...

— Сандырақтап жатыр, жарықтық! — деп екі кемпір бір-біріне үрейлі пішінмен карасты.

Қара кемпір қайыра тыныстаған.

Мына қалжырап отырған екі кемпір жанағы кубір сөздерден соң көздерінің жасын сығысып алып, алма-кезек Сапарға байланысты өткен-кеткенді әнгімелеге қосып отырды.

— Бие сауымынан оралып келе жатыр едік, — деп абысын бір түрлі жүзін жылтырып, енсесін көтере түсті. — Анадайдан Сапаржан салып үрүп келеді. Жай емес, сол қолын көтеріп алған, енірегенде етегі толады. Тақаған сайын бакыруы күшейіп, ағаларының аттарын шұбыртып ойбайға басады. Жүргіміз зу ете қалсын. Абысын шелегін маған ұстата салып, ұша жөнелді. Мен де сонынан қалмай дедектеп барамын. Сапаржан біз жете бергенде жалт бұрылып, орағыта қашсын. "Әй, ұл, андағы қолындағы не? Жылан шаққаннан сау ма өзінді? Анау салпылдан жүрген не деймін, Сапаржан! Тимеймін, келе қойшы бері" деп, абысын безек кағып, жанын коярға жер таба алмады. Құлқім келеді-ау қазір. Сапаржан шыңғырып журіп, "тимейсің бе, апа, тимесең ғана барамын" деп жалбарынышпен өкіреді. "Жоқ, тимеймін, құлыным" деген соң барып, оралды-аубері. Өні қашып, бол-боз болып кеткен ұлымыздың бас бармағына бойлай енген етік бізінің ұшы екінші жағынан сорайып көрініп тұр. Баяғыда көрші кемпір қолына сәл пісіп алған бізден ұшынып өліп еді. Зәреміз зәр түбіне кетті. Жүргегім шайлығып, көзімді көлөгейлей бергенім сол еді, абысынның қолына көшіп үлгерген

үшкір бізді байқап қалып еңіреп жіберіппін. Сапаржан да өкіруін сап тыйған. Абысын оның қолын орта шелек жылқы сүтіне сұнгітіп жіберіп, күледі: "Мынау ұл бізге ұстаптай кеткенде, маскара болатын едік. Осылай көп жүрсө ушығар еді. Ал мына жылқы сүті біздін датын сорады".

Екеуі ақырын ғана құлкіге булықты. Сол жолы Қара кемпір батылдыққа барып, бізді дереу суырып алмағанда, арты насырға шабатынын дәрігерлер де айтқан деседі. Сол жолы тесілген Сапардың корғасын құйылған асығы әлі күнге Қара кемпірде сактаулы екен...

Кара кемпірдің сінілісі де ойына әлденелерді түсіре бастады.

— Бір күні Сапаржан жана үйретіліп жүрген тайдан құлап, аяғын қатты ауыртып алды. Тайы түскір ескі жұрттағы өзінің үйреншікті желісіне тартып кеткен ғой. Мұнда біз отырмыз. Көріп отырмын, ер-тоқымын мойнына алып шабдар тай жүр анадай жерде. Аяғын әрен басып келген Сапаржан менін: "осында бол, жүруге жара, тайынды кейін мініп баарсың ауылына" дегеніме көнбей койды. "Апам алдында ұят болады, ол кісі бос белбеулікті ұнатпайды", деп коярда-көймай аяғын кішкене сылатып, созылған сінірін жазған соң жана қоныстағы ауылына тартты да отырды. Тайдан құлағанын шешесіне ақыры білдірмепті. Кейін бір сөздін ретінде бұл жайлы менін аузынан шығып кеткенде апам: "Ер адамның қайратты, ұстамды, қыншылыққа мойымайтын болып өскені дұрыс. Міне, осындайдан да намысы оянып, еркөніл болып қалыптасады" демесі бар ма.

— Есуастау, бірақ адамға зияны жоқ Мырза деген елкезбені де боранды түннін ішінде қорықпай үйге кіргізіп, ыссы тамақ беріп түнеткенін әлгі кемтардың өзі күні бүгінге дейін шарлаған жеріне жайып жүрген жоқ па? Несін айтасын, абысынның қайрымдылығына сөз жете ме? — деп кішкене кемпір жаулығының ұшын көзіне апара берді.

Аласының небір ізгі қылықтары санасында бой көтеріп, өзін-өзі ұстай алмаған сары кемпір кемсендеп, дауысын етеп шығарып жіберді. Орамалмен аузын қанша тұмшалап бакса да тереңнен лықсыған өксік ерікке кояр емес. Қос иығы

солқылдап, бүкіл денесін безгек буғандай қалш-қалш еткен күйі, "бауырым, бауыр етім" деп сыртқа шығара айтып қалды.

— Не дейді, не дейді бұл, жазған! Жылап отырғаннан саусындар ма түге? — деді Қара кемпір әлсіз, бірақ соншалықты мығым сөйлеп. — Мені былай аударып салындаршы.

Екеуі еппен қымылдап, әзиз ананың бір жапырақ етсіз тәніне аяушылықпен кол тигізе демеп, бетін бері қаратып жатқызды.

Жұзіне жарық түсті. Үнірейіп, ак шелденіп кеткен көзге тіктеп қарау қандай киын! Бір кездегі жанаға ұялаған мейірімділік ығысып, ызғарға орын бергендей. Шодырайған бет сүйек бұрын келбетті кескіннің ажарын еселеген еді дегенге кім сенер қазір. Кезерген ерні қызудан жарыла-жарыла егеудей болып, қан-сөлсіз шорланып қалған. Сол ерін сәл жыбырлады:

— Кішкене, су тигізші!

Қалайы қасық тіршілік нәрін ілестіріп, ерінге жанақанда қайран ана мазасынан айрылды. Қасықты тістелеп, шықырлатты. Бір тамшы су ішке өтіп, сеп тигізе алмағанына ызалаңғаны соншалық екі иығына алма-кезек тіс салып, көзі ақырап құллі денесін ғаламат күш кернегендей елірінкіреп кетті. Қос қеудесін шенгелдеп қысып, жұдырықтай жанын аласұра іздегендей. Ұысына іліксе сол жанын сығып тастап, мына азаптан мәңгігө арылмақтай.

Есік ақырын ашылып, ішке медбике қыз кірді. Бұл жолы ана есіктің ашылғанын байқаған жоқ еді. Ине тәнге емес, сүйекке кадалғандай, жүрек ездірді... Ана сәлден сон маужырап, момақан күйге енді. Қөзін жұмып жатып, Сапаржанын ойына алды. "Неге келмей жатыр? Баяғыда үлкен шаһардың бірінде шаңырақ көтеріп, отау құрғанда үйлену тойына бара алмап еді. Жел құзы көбейіп, жолға шығудан сескенбеді ме? Эйтпесе, канат байласа да жететін еді ғой. Осыған ренжіп қалмады ма екен? Жазда сол тойдың жалғасы ауылдағы құдайыға жалғасқанда Сапаржанының шарап ішкенін тұнғыш көріп катулы қабактың ызғарына алған. Элде соны қөніліне ауырлады-ау, нәті?! Бірде отбасының үстінде жас

келінің қолынан балдай шайды сіміріп отырғанда мәндайы жіпсіп, құлдіргі бірдеме айтқысы келген. "Сапаржан алыс қалаға окуға аттанғанда іш киімінің ышқырына көрінбейтіндей етіп ақша қалта тігіп беріп едім, бар қаржысын соған тығып тепшіп те тастаппын мен байғұс. Кейін жол бойында ақшасына қолы жетпей, Сапаржаным әйдік қысылған екен. Соныма әлі күнге күлемін, есіме түскенде" деп Сапаржанына қарағанда, ол қып-қызыл болып кетіпті. Сол жолы келінің алдында қатты үялттып алдым білем. Эйтпесе, неге келмей жатыр?.." Ойы үзілді. Талықсынқырап кетіп еді.

— Осы абысын бүгін шаршауды жиіледі. Молдекенді шақыртып қойсақ қайтеді?

— Сөйтсөн сөйтші. Женілдік айтып отырсын...

Екінші бөлмеде көз шырымын алып жатқан молданы ілестіріп келген кішкене кемпір жаңалық айтты. Сапар орта жолда облыс орталығында отыр екен, күннің борандығынан бүгін жете алмайтын түрі бар.

Көзін сығырайтып ашкан Қара кемпір өзіне тәнген молданы көрсө де байқамағансып, сінілісіне сыйырлады:

— Тісімді тазалайынши, Сапаржаным "келе жатырмын, апа", деп құлағымның түбінен үн катқандай болды. Тіс жұтышты әкеліндерші... Тісім сарғайып та кеткен шығар. Қазір сүт кенжемнің бетінен сүйгенде, иісі шығып жүрер...

Сонғы сөзін демі жиілеп, тұтығынқырап айтты. Сәл көзін жұмып қайыра ашып алды да:

— Дұрыс болды... тісім тазаланып калды-ау, — деп тыншыды.

Сінілісі булығып жылады. Молдекене жалтақтап қарап:

— Сандарактап жатыр. Бұрын бүйтпейтін еді. Тісінің жуылмағанын да сезбей жатыр ғой! — деді кемсендеп. — Балалары, келін-кепшіктері кіріп отырса қайтеді. Шақырайық па?

Бұған дейін Қара кемпір маңайына онша көп адамды жолатпай келген. Бөлме лезде толып кетті. Жылап, сықтау көбейді. Немерелері "әжелеп" шырылдайды. Үлкендер жағы кимастықлен көз тігіп, тұнжырап отыр.

Бір кезде Қара кемпір жанарын қайтадан ашып алды да әмірлене сөйледі:

— Пердені сырындаршы, теректерді көрейін! Сүт кенжем отырығызған терек еді! — Арғы жағын айта алмады. Тілі байланған. "Адам қатарына қосқандай едім, көргені жок деп ешкім айтпас. Соны медеу тұтып кетіп барам. Сапаржанымның көзі түсер сен терек, сәлемімді жеткізе көр! Жазда келсе менін алақаным болып жапырағынмен мандайынан сипарсын..." демекші еді, күрмелген тіл оны істеппеді.

— Ашындаршы, ашындаршы пердені, — десіп жатыр отырғандар.

Теректі көрді ме, көрмеді ме, жүзі әйтеуір терезе тұста. Бір кезде денесі жиырылып, кеудесі көтеріліп, басы шалқактай, көзі бұрынғыдан да кен ашыла ақшиынқырап бара жатты. Соңғы бір лебізін мына отырғандардың құлағына құйып кеткісі келгендей, жан дәрмен күйде үздік-создық былай деді естілер-естілмес қана:

— Сүт ке-е-ен-жем неге к-кешік-ті-і!..

1980

## ҚАҢБАҚ ШАЛ

Менің атам қызық адам. Құлды, бала дерсің. Мінезін айтам да. Жасының үлғайғаны ма, қайдам, соңғы кездे тіпті анғалақ, жок нәрсеге сенгіш, секем алғыш, табан астында кірпиязданғыш болып алды. Шалының картайғандығы бұл "жаналығы" әжеме ерсі көрінеді білем, ол кісі өзінен-өзі күбірлепт: "байғұс, алжыйын дегеннен сау ма? Баяғы білте шамның жарығына үймелеген кебелекше күтгелек болып бітті. Бұған не керініп жүр?" — дейді қайраны таусылған адамның пішінімен. Маған салса бәрібір. Ал менінше, атамның бұл мінезі ашылмаған аралдарды ашып беруге көмектесетіндей. Өйткені атам қай нәрсеге болсын ашық сын тұрғысынан көзкарасын білдіріп, етірік, бойқүйездік, қағазbastылық, әміршендік секілді, не керек әйтеуір, мына біздің ұлы мұрат тұнған ақайдынды қоғамымызға жат қылықтың бәрін шындық қамшысымен аяусыз паршалайтын. Бұрын да иә, адалдықтың туын көтерген адам фой. Қазіргісі тіптен ерен.... Мұндайда оған ешкім карсы келмейді. Басын изей, макұлдаап,

коштап, қуаттаған емеурін танытып отырар. Эй, сонда атама әйдік риза боламын-ау!

Кешегісін айтам-ау, ішек-сілем қатты. Эрине, сыртқа шықкан соң ғана бұлыққан күлкі тиегін ағыттым, әйтпесе қайда, ол кісінің көзінше тырқылдау. Мен сол оқиғаны сіздерге айтып берсем қайтеді?

Киіз үйдің түрілген іргесінен лекіген самалға рахаттана бойын ұмысынып атам қисайыңқырап жатыр. Жаңа мен құйып берген шәйді көп сораптаған. Шәйді мен құйып берген себебім, әжем жақынымыздың қыркына кетіп еді. "Елден ұят, бірге барайық, төбе көрсет, жырылып қалғанын жарамас", – деп әжем осынша айтып көріп еді, шалы "болмайды" дегендей, жартылай қайралған орактың қылышылдаған жүзін бас бармағын туратып тастардай-ақ батыра байқап көріп, өзімен-өзі болып кетті. Эжем абысынының сонынан үнсіз ере берген... Шәй ішіп отырып бір орамалды малмандай қылды да, керегеге жая салды. Қолындағысы анау, екінші орамал. "Әй, көкем-ау, шәйін балдай екен" деп сораптап тартады дейсін. Мен екі кесеге кезек құюға әрен үлгеремін. "Үп-ыстық шәй өнешін қалай қүйдірмейді екен" деп тан қаламын.

– Эй, көкем-ау, – деді босаған кесені маған ұсынып жатып, – айналым сол, кара тайлақтан! Мына атанның ендігі бар үміті өзінде екенін біліп қой. Жетпіс сегіз жас ғұмыр ма, тәйірі. Бір күнгідей болды ма? Не тындырдым осы камшының сабындар қыска өмірде? Тигізген пайдам қайсы? Рас, фәшист иттен өш алдым. Оны Отан үшін екінің бірі істеді емес пе? Запперме болдым. Мұнымды да бұлдай алмаймын. Себебі белі шойырылып, тұралап қалған шаруаны төрт аяғынан тік тұрғызыу азаматтық парыз еді. Енді, міне, бойдағы қуат кеміп, ойдағы орындалмаған көп арман жан-жактан қыспаққа алғанда, саған, кара тайлағым, үміт артқанымды шексіз бақыт санаймын. Кәрінің бараЧ жері белгілі, ал жастың алар жері белгілі. Есінде болсын, атанның мына сөзі: "Еліне пайдалы азамат бол, ол үшін жас басыннан уақытты қадірле. Күнде төсекке кисаярда өзіне-өзін есеп бер. Өзінді өзін екі бөліп, біріне-бірін сыннат. Ертенгі құнін бойыннан бүтін табылған мінді қайталамайтын болсын. Көп тындырдым деп кеуде қакла!"

Менін тамағыма бір сұрақ кептелді:

— Ата, сіз сонда халыққа аз пайдада келтірдім деп налисыз ба?

— Иә, көкем-ау. Халқын сүйген жан бітірген ісіне ешқашан қанағат көнілде калмас.

— Енді оның орнын қалай толтырмақсыз?

— Кез жұмғанша жұмыспен алысып бағам, қалғанын сенің мойнына артам, қара тайлағым, — деп кеңкілден күлгендеген атам орнынан ширак тұрды. — Міне, әңгіме бұзау емізеді деген осы. Шөпшілерден ұят-тағы. Олар бізге сенеді. Біз кімге сенеміз?

— Маған көзін сығырайтып тұр. Менін бірдеме деуім керек, әйтпесе шарт кететіндігі бесенеден белгілі.

— Біз өз енбегімізге сенуіміз керек.

Атам алақанын сарт еткізді. Менін бокмұрын құрдасым Әлібектен бір айнысайшы.

— Бәрекелде-е-е! Мынау жігіттің сөзі!

Осы кезде сырттан мотоциклдің дырылы естілді. Дырылынан танып тұрмын. Мәлік ағамнын "Уралы". Екеуміздің әкеміз бір туысады, осы шалдың кіндігінен. Біз шығып ұлгермедік, ішке Мәліктің өзі кіріп келді. Әлденеге елірінкіреп алған. Қос кеудесі көрікше қөтеріліп, басылып тұр. Мотоциклді мініп келген кісі емес, онысын арқалап жеткен адамға көбірек ұксайды. Мұндай түрін бірінші көруім.

Атам оған таңырkap қарап тұрды да:

— Жын қуып келемісін? Бірдеме көрінген бе өзіне? — деп жекіріп тастады. — Дені дұрыс адам үйге жүгіріп кіре ме еken?

— Ата, ендігісі тек сізге байланысты. Мына сорлы немеренізге пейілінізді бере көрініз, — деп Мәлік ағам демі жиілеп, ұздіге бастады.

— Мына пәтшагарға бірдене көрінген бе, түге? — Атам маған қарайды. Сосын қайта шүйлікті. — Е, айтсайшы, түге, тығылмай.

— Сіз келінді болсын деп едім... Қыз көнді.... Енді өзініз рұқсат берсеніз, той тәбесі көрініп тұр... — Мәлік ағам "әй, бокмұрын, саған не жок" дегендей, мырс ете қалған маған ажырая бір қарап койды да, жалбарынышты жүзін атама бұрып алып, жауап тосты. Мен жым болдым. Маған бәрібір. Ішімнен

атамның келісkenін қалап тұрмын. Ой, тойдын несін айтасын, тек тойға жазсын деңіз. Ол құні ауылдан үйқы қашады. Тұндіктер ән мен жырдын әуенімен желпілдейді. Бәрінен бұрын жерошақ басының думанын айтсайшы. Оттын қыпқызыл тілі қара қазанның сауырын тойымсыз жалап жатады. Ал қазан іші бұлк-бұлк. Бабымен піскен жас еттін іісі мас қылады. Кілең жүгірмектер ошақ басына үймелеп, төрт тағандап тамсанып дәм дәметкен иттерден бетер үйліға түсеміз. Ондайда, әрине, бірді-екілі сирак-мирақ та тимей қалмайды. Бірімізге тиді ме, бітті – бәріміздік! Құйқа тандайда ериді. Сосын әйда, ақ сүйек ай астына шығандап кетеді, ал іздел көр. Тойдын осынысы ғой жанға жағатыны. "Е, біссімлә, той болса екен! Атамның қыңыр мінезіне сокпай өтіп кетсек, той болды дей бер, қара тайлак!"

Егер атам қазір құлімденкіреп, жүзін жылытса мен: "Ата, Мәлік ағама бата беріңізші. Той болып қалсын да" демекке оқталып тұрдым. Эйтеуір Мәлік ағама жәрдемдесе берейін де. Женгеме бір мактауымды асырып жіберсе, көп қайныларының ішінен жұлдызыым жарқырап шыға келмеймін бе? Ондайда женгенін бар тәттісі ауызда дей бер.

Атама қараймын. Қабақ тұстан шоғырланған қара бұлт бүкіл бет-аймақты торлап, тұнеріп келеді. "Бітті! – дедім зәре-күтім қалмай, дайын тойдан айырылдық!".

Әлгі бұлт бірте-бірте тұтаса келді де, ғаламат қоюланып, найзағай жарқылымен қақ айырылды:

– Не қылған той, қораға бір тал шөп түскен жок. – Мәлік ағам көз алдында кішірейіп, шөгіп бара жатты. – Пісіп келе жатқан егін анау! – Мәлік ағам жердің тесігі емес, сыйзаты болса соған кіріп кеткісі келгендей кипактай бастады. – Келінге атасынан, мына қайнысынан сәлем айт, біздік болса, кос науқанның аяғын күтсін! – Мәлік ағамның тізесі дірілдеп, көзіне мөлтілдеп жас тұнды. Құлқім келіп кетті, бірақ ерлікпен шыдап бақтым.

Мәлік ағам мотоциклін бүйірден аяусыз бір теуіп от алдырды да, құйындарып пішешнілер косына кете барды. "Аспазшы женгеме бүгін не бетімен қарар екен" деп бір түрлі оған жаным ашып, жүргегім елжіреп кетсе де сыртқа шығып атамнан

тасаланған соң Мәлік ағамның көзіне жас әкелгені елестеп, құмардан шығып құлдім ғой. Құлемін ғой, ертең басқа түскенде... Құлкіге қанған соң Мәлік ағамды тағы аяй бастадым.

Атам үнсіз барып қайрақ басына отырды. Мен қайрақ қызып кетпесі үшін шүберекті суға малып алғып, ара-кідік ылғалдан тұрдым. Атама білдірмей қараң қоямын. Манадан бері жүзіне тіктеп көз салуға қаймығып отыр едім, "е-е, көнілдене бастаған ба?" Мұрты жыбырлайды, жанарынан шуақтөгіледі. Кен қеудесін күлкі қыттықтағандай керіп-керіп алады. Келінді болатынына қуанып отырғаны ма екен?" деп топшылаймын да, "не де болса еңбектің қызығына еліткен шалдың түрі бұл", деп өзімше тұжырым жасаймын. Қайсысы екен, ә? Ішіне түсіп білер ме еді?

— Эй, көкем-ау!

Селк ете қалдым.

— Айналым сол, кара тайлактан!

Зу еткен жүргегім орнына түсті.

— Неге үндеңейсін, пәтшагар! Немене, женгесіз қалдым деп қайғырамысын?

— Иә, ата, жо-ға-а! — Сасқан үйрек артымен үшадының кебі. — Женгесіз кетсем де, оған ренжіп отырған жокпын, ата.

— Енді неге алаң қөнілсін?

— Сіз секілді картайғанда да жұртқа пайдам тиер ме екен деп, ойға батқан едім.

— Шын ба, эй, көкем-ау. Міне, сенен адам шығады! — Атам қайрағын тоқтатты. Маған жана көргендей тесіледі. Өзінің жылдар арасында жоғалып қалған жастық шағын менің бойынан іздел тапқысы келгендей құмарлық бар көзінде. — Еңбекшіл болуға талпынғаның дұрыс. Ал женгесіз өтейін дегеніне келіспеймін. Той да болар, женгеннің мойнына асыларсын да, тек мына ел шөбін кораға тартып, астығын камбаға құйып алсын десейші.

Мен жаңағы топшылауым мен тұжырымынның негізсіз емес екендігін ұғып, акты-караны ажырата бастағаныма өзімше жал құдірейттім.

Менің атам қызық адам дедім ғой. Сөзімнің жаны бар. Міне, көленкеде естіп жатырмын, механик Кәрім мәшинесімен келіп тоқтады да атама сәлем берді.

- Ассалау мағалайкүм, қанбак шал!
- Ағалайкүм мүссеңдем, батырым! — Атам сәлемге сусап отырған адамдай, рахаттанды да қалды. Қалбалактап ұшып тұрып қолын да алды білем.

Қанбак шал десе бітті, атамда дегбір қалмайды. Бұл есім оған соңғы жылдарың бедерінде ілескен. Содан бері азан шақырып қойған Әділхан атын ығыстырып, жұртқа құлақ-қанды болып, сініспі кетті. Әйтеуір мен ес білгелі әжем де "қанбак шал" деп келеді. Өзекжарды балалары да осылай атайды. Осы көлдененен қосылған атаудың не сиқыры бар екендігін кім білсін, әйтеуір, атама майдай жағады. Қандай күйіп-пісіп тырысып отырған жерінде "әй, қанбак шал" деген дауыс жетті ме құлағына, лезде өзгеріп, ашу қыскан денесін дүр сілкіндіріп, құлпырып шыға келеді, елпен қағады. Кейде мен де балалармен қактығысып қалғанда "қанбак шалдың алдына сүйреп апарайын ба" деп ойқастаймын. Ондайда олар дажым болады. "Атамның жаңына жақын осы жанама есімнің неліктен құдіреті күшті екен. Шіркін білсем ғой".

Бірде әжеме қолқа салдым.

- Әділхан деген әдемі аты барда, қанбак шалы несі, әже?
- Ой, айналайын-ай, соны кім білген.
- Қалай білмейсіндер, атауын атайсындар. Бір гәп бар да.
- Гәп дейсін бе, балам, бар болса бар шығар. Алпыска жетіп пенсияға шықканда, қанбакша домалап үйде отыра алды ма. Жеріне қашқан жылқыша таң елен-алаңнан пермесіне тартады. Онысымен коймай, қайда екі қолға жұмыс бар, сол маннан табылады. Сондай сәттердің бірінде құрдасы іздеп таба алмай дал болсын. Жатып тұрып өзінше кейігені: "Қанбак жел ансайды, Әділхан пенсияға шықса да жұмыс ансайды. Нағыз қанбак шалдың өзі де, енді қайдан кезіктірдік оны". Содан ел құлағы елу деген, тараптады да кетті ғой, осы сез. Тіпті шалым: "Қанбакты жел айдаса, мені жұмыс айдайды" деп мәз болатынды да шығарды. Осы, қалкам, мәнісі мен бірдене білсем.

"Несі бар, — деймін ішімнен өзімше ойға батып. — Жұрттың бәрі жұмысты жаңындағы жақсы көретін атамдай-ак болсын. Пенсияға шықкан шалдар қанбак шалдай жапырып жұмыс

істесе, ел байлығы артып, бала бас сайын қос велосипед мінбес пе едік!"

Механик Кәріммен әлгінде ғана әмпей-жәмпей болып тұрған атам, енді жок жерден шатассын:

— Шөпшілерге ат ізін салмағаныңа бақандай төрт күн болыпты. Мұныңа жол болсын, пәтшағар!

Кәрімнің дауысына аздал діріл араласты:

— Ке-кеше баруға жиналып едім, қатыны түскір толғатып...

Атам лезде сабасына түсті.

— Ойбай-ая, былжырап манадан бері неғып тұрсын айтпай.

Келіннің аман-сау жаны қалды ма, әйтеуір.

— Қалғанда қандай! Өзімнен айнымайтын торсық шеке үлды алдына өнгеріп емізіп отырғанда, әлемде одан асқан бақытты жан жок дерсіз, қаңбак шал! — Кәрім өн бойы кернеген шаттықтың желімен желпініп, батылданып кетті.

— Дұрыс-ақ еken, бауы берік болсын, — деп кідіріп қалды атам. Мен Кәрім бейшараның басына ашу бұлты тағы үйірілмес пе еken деп, кипактай бастадым. Жүргім сезген еken. — Осы сендер жауапкершілік дегенді ойыншық көресіндер ме? Төрт күн бойы қырға шықпау — қылмыс қой мынандай науқанда. Пәтшағар-ая, куллі зәпчасты мәшиненең тиеп алып үйінде шалжып жатуға бетін қалай шыдайды? Кім саған прәва берді? Ұят еken мұның. Баяғыда соғыста жауапкершілікті жалау етіп көтеріп шабуылға шығатынбыз. Отан алдындағы жауапкершілікке бір мыскыл сызат түсірмеймін деп жанын киған талай боздақ. Ал сен келіп, пәтшағар, жауапкершілікті жатып ішердің жастығына айналдырмаксың. Болмайды, күнім, болмайды!

Мен ойлаймын: "Бұл қаңбак шал көнілге караса қайтеді, шіркін! Сосын тіпті оған бұлай ұрсуға хакы да жок кой. Бастығы ма әлде Кәрімнің? Немесе екі туып бір қалғаны ма? Осы жүрттың өзі де кінәлі ме деймін. Қаңбак шал, қаңбак шал деп бастарына шығарып алған. Бастықтарының сөздерін жүре тындастын кейбір кер жалқау, кесірлердін өзі қаңбак шал айтса, тәк тұра қалады. Ал, дандайсытындар.... Менін нем кетеді дейсіндер. Онсыз да қаңбак шалдың жаксы көретін немересі деп бала біткен ығысып жүреді өзімнен. Маған сол да жетіп жатыр..."

Мен өз ойыммен болып кеткен екенмін, Кәрімнің көнілді құлқісін құлағым шалды.

— Жауапкершілік дегеннің мәнісі жетеме енді жеткендей, қанбақ шал!

— Е, жарапты. Жауапкершілікпен енбек етсен, енсен биіктер, елін көгерер. Ал енді тек тұрма, келіннің жайын бір біл де, қырға тарт!

Мен де арқамнан батпан жук сырғығандай, женілденіп сала бердім. Тасадан шығып, қанбақ шалдын кейпіне құмарлықпен көз тастап едім, кияқ мұртты атамның осы сенімді тұрысынан, сонау алысқа пандана қарасынан өртөнді бар болмысымды көргендей болдым! Бұл ғажап сезім менің өн бойымды ешқашан өшпейтін от-жалынмен шарпып өткендей еді...

1980

## АНСАУ

Тұған жердің топырағын басып тұрмын. Жана әзірде "АН-2-нің" аспандағы қакпакылынан ойнакшып, құсарман халге жеткізген жүрегім жұпар ауаға шығысымен сэтте сабасына түсті. Сол-ақ екен мен-зен басым берекемді алған дың-дынын желге ұшырып, зіл-батпан бойым женілейіп сала берді. Көзім шарадай жанып, жанарымды дөн үстіндегі аэропорт алан-шығынан төмен сусып, бытырай жайылып жатқан аудан орталығының біркелкі емес үйлеріне қомағайланған тіктім. "Армысын, тұған жер!" Екі жыл көніл төрінен бір түспеген, сағынышымды сарғайтқан, сұлу аймағым! Отан алдындағы борышымды бір адамдай орындал, өзіне келіп тұрмын, ыстық мекенім!" Қуаныштан жарылуға әзір жүрегім үнсіз егілді. Маркайып, масаттанған бойда женіл кол жүгімді үйіре серпіп, кен адымдай поселкенің шығыс жағындағы тұған ауылым Қызметшекке шығатын жолға асықтым. Үйге жетіп жығылсам!

Өкіртіп жүктіеген екі тіркемелі мәшине майпазданып тоқтай берді. Мына түрін көріп: "өгізге мінгендей болармын" деп кол көтермедім. Өте шықты. Он кипталдан суман еткен женіл мәшине, салып ұрып жетіп-ак калды. Белгі беріп үлгердім.

— Қыземшекке ала кетсөніз екен?

— Устін басып өтемін. Жолың болғыр екенсін, отыр, солдат!

Мың болғыр жанға мың алғысымды аяマイ арнап келемін. Қазір-ак күн батпай жетіп қалатынымды, үйдегілердің мәре-сәресі шығып қуаныштан тасып-төгілетінін ойлағанда "бакыттысың сен, бакыттысың!" деген өз күбірім өзіме естіліп қалады. Шофердың да құлағы шалды білем, маған аялы көзін бір төңкеріп, сәл күлімсіреді. Ұзын жолды мәшине донғалағы комағайланған орап келеді.

"Ақ әжем-ау, немерен келер жолды күте-күте екі көзін тәрт болған шығар? Екі айдай болды әне босаймын, міне босаймын деп хат-хабарды үзіп те алдым білем". Тұған ауылым, ондағы өз түндігім мен өз жүргім арасындағы екі жыл бойы керілген сағыныш жібі қыскара түскен сайын, ет жақындарым, дос-жарандарымның бейнесі айқын елестейді. Мен солардың ішінен орта бойлы, келісті қыр мұрынды, көзіне ақыл тұнған, кесек кара кемпірді бөлектеп алып, сол аяулы адамға деген ынтықтығымды қалай басарымды білмей дел-сал күй кештім. "Ақ әжем-ау! Арсаландап мойыныңа асылғанда қазір, қуаныш жасымен бетімді жуарың анық қой!"

Көз алдыма сол жолғы алыс сапарға аттанар сәтім оралды. Эжем үйреншікті ынқыл-сыңқылы жанына батса да, дәл мен кететін күні ерекше сергектік танытып журді. Жол дорбама иісін анқытып сүр ет пісіріп салды. "Жұмыртқа женіл тамак, жүре жеуге онтайлы. Эй, осы тауық ұстамайтынымыз-ай. Рәш-ау, бері келші, көршінің бар жұмыртқасын сыптырып әкел, бол" деп келінің жұмсағ жіберді. Сосын оларды, өзі бір-бірлеп дара орап жайғады. "Ашылауыңа жақсы", — деп екі уыс койдын құртын да нығырлады.

Топ бала мінген мәшинеге беттегенімде Рәш анам өзін-өзі үстай алмай енкілдеп жылап жіберді.

— Тек, мұның не? — деп тыйып тастады келінің әжем. — Байқаймын, өзінің де көңілі босап тұр. Сыр бергісі жок, бірақ.

— Жылағаны несі, қайдағыны шығарып. Алыс сапарға аттандырарда жыламас болар. Куан, қайта. Эскер катарына жарағанына куан баланың. Аман-саяу қауышуға жазсын деп

тіле. Тілекке көздің жасын косу жарамайды. - Осылай деді де мені бауырына қысып, біраз үнсіз қалды. Жұртта тым-тырыс. Кәрі әже мен кішкене немеренің кимас қоштасуына кедергі жасамай тұр. Әлден уақытта әжем мені құшағынан босатып жүзіме тіктеі қарады да:

— Әскердің алды бол, құлыным! Сонынан жаман сөз ерітпе, — деді. Өзі тас-түйін. Қатал кісі еді. "Егер, аманатымды орында масан, келгесін сыйбағаң бар" дегендей елестеді сол тұрысы, сол жанар қадасы.

Мәшине қозғалып кетті. Топ бала "кош, кош!" деп шу ете түстік. Жарқын жанарын кен кере, тұнғиық көзіне үміт сәулесін өрбітіп менін қайран, кимас Ақ әжем қолын бұлғап қала берді. Сол өзіме ең жақын, ең асыл, ең ыстық бейненін суретін көз алдынан тасалағанша өз жүргегіме аласұра жайластырып, көшіріп алды.

Сол дара бейнені екі жыл бойы жүргегімде ыстық махаббатыммен апталап, мәпелеп кір шалдырмай алып келе жатқан бетім, мынау.

Женіл мәшине жүрдектігін сездірді. Албарбөгет асуына тұмсық ілікті.

"Ақ әжем-ая! Шашылған құмалағың құбыланы көрсетіп, бетімді түзулеп отырсын ба қазір?"

Жұртка қара кемпір, ал өзіміздін отбасында ак әже аталып кеткен қадірмен карттың қасиетке толы өмірінен өнегелі үзіктер таркатылып, санамды сан орап шырмай бастады...

Шібидей шілдиген он шакты немеренің думанды дуылын ешнәрсеге айырбастамайтын, аскар таудай Ақ әжем, сенін жүріс-тұрысын, сирек те болса жан жадыратып тастайтын сергек күлкін, біреудің ала жібін аттамайтын адалдығын, парықсызға пана болмайтын каталдығын, "өле жегенше, бөле жегенді" қалап көрші-қоланмен араласқыштығын – бәрі-бәрі санамда сайраулы-ая! Арыстай төрт ұлынды аскар тау әкесіз-ақ, "сендердің табандарына қадалған шөнгір мандайыма сызат салсын" деп жүріп қатарға қосыпсын. "Балаларының тәрбиесі кандай?" деген таңданыстарын талай естігем жүрттын. Алдыңғы арбаның ізімен біз де ілігіп келеміз ғой деп есептеймін.

Алыстағы сендерді ойлағанда тамаққа түйілемін дейтінсін, окудан оралған ұлдарына. Сонда біз кілен бозекпелер: "Ақәже, түйіле берген сон шайды көп ішесін бе?" деп сұрап қадайтынбыз. "Иә", – дейтінсің тершіген жүзінді асықпай сүрте құрғатып. Түйілудің мәнісін ер жеткенде, жыракта жүргенде сезінгендеймін енді. "Ақ әжем-ау, сенің бейнен қөз алдыма келгенде өзім асқа түйілемін!"

Сарықопаның сары масасына таланудан қашқандай оның жалпақ жонын сыр етіп сызып өтті мәшине. Мен ақ әжемнің небір игі қылықтарын аңсаумен еске түсіріп, жаңғыртудан жалығар емеспін.

"Бір күні сабактан оралсам, Ақ әжем-ау, арнаннан асып жүр екенсін. Шешінбей жатып маған келдің де: "шалдың атын шулатып, таспен басып елге әйгілеген сенсің бе?" – деп бетімнен сүйдін. Жымысымнан "иә, менмін", – деген мактандышымды андадын. Сосын ақырын құрсініп алып: "шалдың атын шулата бер осылай!" дедін. Кейін білдім ғой, аяулыннан тым ерте құшак ажыратқанынды. Мен содан бастап аудандық газеттің бетінен түспей қойдым. Эр хабарым Ақ әжемнің арайлы жүзіндегі сан жұп әжімдерді жазып, сәтте болса көнілін көл-көсір шаттыққа бөлейтінін сездім. Кейінірек, Ақ әжем-ау, кара танитын немерелеріннің көмегімен аудандық газеттен өзге басылымдарды да қызғыштай қорып жинайтынсын".

Қылы тубегінің қылдай өткелінен әрі өтісімен мәшине жүрісі бұрынғысынан жаңылып қалғандай болды. Анадайдан карауытып ауыл төбесі қылқып еді...

Коныраулы өзенінің коныруын үзіп қылғынатын тұсын ел іші "құлак" деп атап кеткен. Дәл соның жиегіне жанасқанда ескі көндер тізбегін көрдім. Ақ әжемнің жастық шағы осы көндердің бірінде өтіпті. Эне, анау тек қабырғалары ғана қалған үйге Ақ әжем келін болып түсіпті. Олай-былай жүргенде өзі көрсетіп көз қанық қылған. Сол отбасында Ақ әжеме байланысты сан жылдарды артқа салған бір әнгіме бар...

"Кәрі әже жас келініне ақыл айтып жатыр:

– Қарағым, мына үйме табак етің не? Артынды ойласаншы. Ертең ұзын сары келеді ғой..."

Бірде кемпір құдайыға шакырған үйден кештетіп келсе, келіні бұлкілдетіп қазан асып жатыр екен.

— Бәрін калдырмай салыпсың ғой, сыйлы біреу келді ме? — деді ол келініне сыйырлап.

— Иә, ене, өзініз айтып жүретін ұзын сары келді. Сосын ғой, үйіп-төгіп ет салғаным.

— Эй, баламысың, — деп құледі кәрі әже, — мен ұзын сары деп, ертенгі келер ұзак құнді ескертіп, оған дейін асынды таусып алмадеп едім ғой. Мынау отырган өзіміздің Қапаш емес пе?

Сондағы жас келін — бүгінгі менін Ақ әжем! Өткеннің сабағын қазіргі жағдаймен сезімталдықпен жымдастыратын ол кісі келін-кепшіктеріне ақылгөй әрқашан.

... Әлемнің жарығын,

Сыйладың сен маған... — ыңылдал кетсем керек.

— Э, ауылды көріп, көңілің орнықты ма? Жас адамға тымтырыс отыру жараспайды. Әндег, шырқашы бір.

Шоферді жол қажытты білем.

...Далаңың әр гүлін,

Жинағын сен маған, — деп жалғай түстім. Жалғай түстім де жанағыма шалынған сонадайдағы ақшанқан күмбез тамға сүзіле қарадым. Нағашымның ағаш тамына жапсарлас салынған екен. "Бұл кімдікі болды екен? Екі жыл аз уақыт емес кой, өзгерістер көп-ақ шығар?".

Күмбез там бір бұрыс калды. Тасалана бастағанда, кайыра қарағым келді. Қарадым. "Ауылдың бір ардақтысы-ау! Әйінін өзі айтып тұр".

Мың болғыр шофер дәл есік алдына түсірді. Жүгіріп үйден үлкенді-кішілер шықты. Ағам, апам, ыстық білектерін мойныма орап, бетімнен сүйді. Тетелес інілерім қол беріп жатыр. Кіші қарындастарым аяғыма оралуда. Қөтеріп алып мандайларынан іскедім. "Ау, менің Ақ әжем кайда осы? Әйде болса неге шықпай жатыр?" Жүрегім тепкіленді.

— Ақ әжем ауырып қалғаннан сау ма? Қайда жүр?

— Шаршап келдің ғой, үйге кір, — деді ағам менің сауалымды естімегендей.

— Неғып тұрсындар, түге, — деді апам іні-қарындастарым қатқыл дауыс шығарып. — Мына ағаларына сабын, су өзірлендер. Әсті-басы шаш шығар. Жұынсын.

- Ақ әжем бір жаққа қыдырыстап кетті ме?
- Ақ әжем анау, ақ тамда! — Кішкене інім өзеннің арғы бетіндегі манағы өзім көрген өлілер мекенін мезгеді.

Одан арғысы сезімімде жок. Арманыма қанат байлаған өмірдегі ең асылыымды — Ақ әжемді мәңгілікке жоғалтқанымды біраздан кейін ғана пайымдаптын. Өзіме-өзім жаңа келіп жатып: "үнінді сағындым, Ақ әже! Сағынышымды саған қалай ғана жеткізе алармын!" дептін.

Енді менін Ақ әжем мен оның шалынын атын қоса шығаруым керек шығар!

1974

## ӨГЕЙЛІК

Терезе тық-тық қағылғандай болды. Білте шамның сықсима жарығымен істігіп отырған Сұлубике елең ете қалды. Терезеге карап еді, кантардың бар үскірігі сонда тұнғандай, мұз-қырау біткен шынының бергі бетін де құрсаулап тастапты. Тағы да тық-тық етті. Сұлубикенің жүрегі аузына тығылды. Әрейленіп, шамның білтесін басты да, көзін тарс жұмып алды: "Мезгілсіз жүрген кім екен бұл?" Тықыл тағы қайталанды. Ол колындағы бөзді былай ысыра салып, кос тізерлеп он шынтағымен жер тірәй әүпірімдеп көтеріле бергенде түсінкі іші туырлықты сыйып өтті. Тосыннан қатты елегізігендіктен бе, кіндік тұсы біз тыкканнан бетер бүре шаншыды. Ішіндегі бір алапат дүлей қос бүйірін аямай тепкіледі. Көзі карауытып, мыс айналды, қолқасы аузына тығылғандай лоқсыды. Бойын тіктей беріп, білеулей тартылған мата белбеудің орамын босатқан болды. Сонда да шеміршек қадалған адамша кенсірігінен ғана әрен тыныс алып тұрды. Бұл жолы терезе күл-паршасы шығардай қақырата қағылды.

— Кімсін, ей! — деп қалды Сұлубике сұыра тартқан ішін қос қолымен демей түсіп.

— Корықпа, аш! Мен...

"Күдай-ау, таныс дауыс қой! Кіммін деді?"